

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Ж.М. Муканова, К.А. Игенбаева

*«Математикалық логика» тақырыбында бастауыш
сыныптың вариативті курсына арнап жазылған*

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

ӘӨЖ 510.6
КБЖ 22.12

Рецензент:

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері,
экономика ғылымдарының магистрі, оқытушы А.Д.Шагирбаева.

Математикалық логика // құрастырушы авторлар:
Ж.М.Муканова, К.А.Игенбаева – Алматы облысы, бастауыш сынып
мұғалімі, 2021. – 56 б.

ISBN 978-601-4514-10-8

Құрастырушы автор бастауыш сыныптың математикасына
арнап жазған авторлық бағдарламасын оқушылардың жас
ерекшелігін ескере отырып жасаған. Бағдарлама 34 сағатқа
негізделген және Мемлекеттік Білім беру стандартына сай
жазылған.

ӘӨЖ 510.6
КБЖ 22.12

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының 2021 жылғы
13 тамыздағы №1 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының
шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN

978-601-4514-10-8

© «Инновация» баспа үйі, 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ



Рецензент:

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері,
экономика ғылымдарының магистрі, оқытушы А.Д.Шагирбаева.

Құрастырушы авторлар:

Муканова Жансулу Маметовна

Алматы облысы Іле ауданы «№46 орта мектеп» МКМ бастауыш
сынып мұғалімі.

Игенбаева Куралай Аусадыковна

Алматы облысы Іле ауданы «№46 орта мектеп» МКМ бастауыш
сынып мұғалімі.

© «Инновация» баспа үйі – 2021 жыл

Түсінік хат

Жан-жақты ойлау қабілеті жетілген, шығармашыл тұлға – қоғам мен ұстаздың басты жетістігі. Шығармашылық – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Бұдан біз «шығармашылық» ұғымының негізгі белгісі «жаңалық» болғанымен, ондағы тұлғаның, адамзаттың, қоғамның дамуына әсер ететін ерекше күштің бар екені байқамаймыз. Шығармашылық қабілет деген не? Қабілеттердің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар әрбір ұстазды мазалайды деп ойлаймыз. Шығармашылық – адамның іс-әрекетінің түрі. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері 2 түрлі әрекетте дамиды. Есептер оқушыларды табандылыққа, әр есепке ғылыми тұрғыдан қарап, анализ жасай білуге, есепті өзгеше, ерекше тәсілдермен шығаруға үйретеді.

Вариативті курс сабақтарында орындалатын тапсырмалар оқу-әдістемелік желінің негізгі бағыттары бойынша құрастырылған. Ойындар, сөзжұмбақтар, сиқырлы шаршылар, мүмкіндігінше, оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында құрылған. Жекелеген оқушылармен де, жалпы сыныппен, топпен, жұппен де жұмыс түрлерін түрлендіруге болады. Мұндай сабақтардың білімділік сапасын, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда тиімділігі өте зор. Қазіргі жаһандану дәуіріне сай біздің қоғамға қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл адамдар қажет. Сондықтан сабақтарда тек білімдік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың даралық қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырған жөн. Ол үшін сабақтарда түрлі қызықты ойындар, ойын-есептер, шығармашылық-тапсырмалар, логикалық жаттығуларды пайдаланып қана қоймай, есептер мен ребустар құрастыруды үйретудің мәні зор.

Осы көмекші құралда бастауыш мектепте оқытылатын пәндердің бағдарламаларының тарауларына сәйкес қызықты материалдар жинақталған. Бастауыш сынып оқушыларына жұмбақтар, ребустар, логикалық тапсырмалар, шытырман есептер, оқиғаның себебін анықтауға арналған қызықты мәтіндер, көңілді жаттығулар, математика және тіл дамыту сабақтарында шығармашылық процесті менгеруіне, ойын, тілін дамытуға көмегін тигізеді деп есептейміз.

Жалпы, бұл курс оқушыларды сауаттылыққа үйретіп, олардың логикалық және танымдық, шығармашылық қабілетін арттырады, кез-келген жағдайдан қисынын тауып шығуға баулиды, есептер мен ребустар құрастыруға үйретеді.

«Математикалық логика» вариативті курсының мақсаты мен күтілетін нәтижелері:

Математикалық сауаттылық қазақтың қарапайым қара есептерін білуден, меңгеруден басталады. Мұғалім пәнге қызықтыра отырып, баланың математикалық әлемін қалыптастырады, есептерді шығарумен қатар, ребустар, қарапайым есептер құрастыруға жетелеуге болады. Бұл оқушының математикаға өзгеше көзқараспен қарауына қол жеткізеді.

Педагогика саласында үлкен еңбек сіңірген ғалымдар баланың шығармашылық, логикалық тапсырмаларды еркін меңгеруі үшін мына төмендегі шарттардың орындалуы қажет екенін айтады:

1. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан қолға алу. Мысалы, біз тіл үйрету үшін баланың туған сәтінен бастап сөйлесе бастаймыз немесе музыканттар жанұясында үнемі музыка естіп өскен баланың сол өнерге қабілеті өте ерте ашылады. Осыны басқа қабілеттер дамытуға неге пайдаланбасқа деген ой туындайды.

2. Баланың жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер жағдайында болуы. Ерекше ойды талап ететін, әлеуметтік қарым-қатынастар шығармашылық қабілеттерді дамытуға тиімді әсер етеді.

3. Шығармашылық жұмыстар баланың ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі керек. Күн асқан сайын ол деңгей биіктей беретіндей болуы қажет. Осындай тынымсыз ой қызметі ғана бала дамуында үлкен нәтиже береді.

4. Ең негізгі шарт – балаға әрекеттің әр түрімен айналысуға, таңдауына деген еркіндіктің болуы. Баланың жұмыспен айналысуға деген қызығушылығы, қанша уақыт айналысам десе де өз еркі болу керек. Мұндай қызығушылық, қажеттілік, табысқа жетудің бірден-бір кепілі болып табылады.

5. Еркіндік – ойға не келсе соны істеу емес. Бала елеусіз болса да, өз күшімен, өз ойымен қиындықты жеңе отырып, жағдаяттан шығып, «жаңалық» ашуға жағдай жасау керек. Ендеше, шығармашыл жеке тұлғаны дайындау үшін кез-келген жағдаяттан қисынын тауып шыға алатын, логикалық ойлау қабілетін шыңдауға бағытталған жұмыс жүргізуіміз қажет. Мұндай жұмыс үрдісі жеке тұлғаны талдау, ойлау, есептеу, сараптау және қиял әлеміне жетелейді. Әрине, бұл жұмыс түрлері баланы жалықтырмайтын, мазмұны да, түрлері мен формалары да ерекше болу керек. Қызықты ойын есептері, логикалық тапсырмалар, көңілді жаттығулар оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, ойын тұжырымдауға дағдыландырады, қиялын ұштайды, ұшқырлыққа баулиды. Оқушы жеке басының қабілетіне сәйкес алған білімін

өздігінен жұмыс істеу арқылы дамытады, бойына қажетті күзiреттiлiгiн қалыптастырады. Оқушы тапсырмаларды шешудiң тиiмдi жолдарын iзденедi, өзiнiң бiлiмiне сүйенедi, зерттейдi. Осы принциптер арқылы оқушының бойында «жаңалық ашуға» ұмтылушылық пайда болады, бiлiмге қызығушылығы артады. Өзi iзденiп, «қазып» жеткен жетiстiгi баланың санасына оң әсер етедi, мақтаныш сезiмi пайда болады, оның өзiне сенiмi артады. Оқушымен жүргiзiлетiн жұмыс та, оның сенiмiн жоғалтып алмайтындай, талапқа сай ұйымдастырылуы керек.

Мұндай сабақтардың бiлiмдiлiк сапасын, оқушылардың бiлiм, бiлiк, дағдыларын қалыптастыруда тиiмдiлiгi өте зор. Аталған курс оқушыларды сауаттылыққа үйретiп, олардың логикалық және танымдық, шығармашылық қабiлетiн арттырады, кез-келген жағдаяттан қисынын тауып шығуға баулиды.

«Математикалық логика» вариативтi курсының мақсаты:

Ашық қоғамда өздігінен білім алып, дами алатын, алған білім, білік дағдыларын іс жүзінде қолдана алатын елжанды жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Математикалық логика» курсының міндеттері:

- математикалық сауаттылық қалыптасады, өз ойын, көзқарасын түсіндіруге, дәлелдеуге үйренеді;
- қисынды ойлау қабiлеттерiн қызықты құрылған өрнектер, сөзжұмбақ, шытырман, сиқырлы шаршылар арқылы дамытады;
- ұшқырлыққа, уақыт үнемдеуге, шапшаңдыққа жаттығады;
- республикалық, халықаралық олимпиадаларда, зияткерлiк бiлiм сайыстарында жоғары нәтиженi көрсетедi;
- өз iсiне сенiмдi, «неге?» деген сұрақты қоя бiлетiн және нық жауап бере алатын бiлiмдi, зерделi, болашақ дарын иесi қалыптасады.

Дайындық деңгейiне қойылатын талаптар:

- таңдаған бағытта оқытудың дұрыс мотивациясын құру;
- оқушының танымдық, шығармашылық қабiлетiн дамыту және қадағалау, ақпараттық мәдениетiн көтеру;

- оқытудың өз мерзімінде орындалуын ерекше назарда ұстау және оқытудың әр түрлі тәсілдерін қолдану;
- оқушылардың бойында белгілі бір тақырыптар бойынша өзбетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру;
- оқушылардың еркін іс-әрекеттерін қадағалап, жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу;
- істелген шаралар туралы ақпараттар дайындау;
- оқушының ата-анасымен, психологпен тығыз байланыста болуы.

Жұмыс істеу формасы:

- тілдесу, есеп шығару жолдарын қарастыру;
- қызықты есептер, ребустар құрастыру, жеке оқушымен жұмыс;
- зерттеу, жобалау әдістері;
- есеп шығарып жарыстыру;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- кітапханаларға бару, интернетпен жұмыс жасау.

Математикалық логикаға негізделген есептер мынандай нәтижелерге қол жеткізеді:

1. Өз ойын, көзқарасын түсіндіруге, дәлелдеуге үйренеді.
2. Қисынды ойлау қабілеттерін қызықты құрылған өрнектер, сөзжұмбақ, шытырман, сикырлы шаршылар арқылы дамытады.
3. Ұшқырлыққа, уақыт үнемдеуге, шапшандыққа жаттығады.
4. Республикалық, халықаралық олимпиадаларда, зияткерлік білім сайыстарында жоғары нәтижені көрсетеді.
5. Өз ісіне сенімді, «Неге?» деген сұрақты қоя білетін және нық жауап бере алатын білімді, зерделі, болашақ дарын иесі қалыптасады.

**«Математикалық логика» вариативті курсының күнтізбелік-
тақырыптық жоспары**



№	Өтілетін сабақтардың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
	Сандар мен цифрлар	12	
1	Теңдіктер мен теңсіздіктерге байланысты логикалық тапсырмалар	4	
2	Сандарды салыстыру, зерттеу, заңдылықтар.	4	
3	Сандық ребустар	4	
	Қисынды ойлауды дамыту практикумы	13	
4	Қисынды ойлауға арналған қызықты тапсырмалар	3	
5	Логикалық өрнектер	4	
6	«Сиқырлы» шаршылар	3	
7	Математикалық кілемше	3	
	Қисынды ойлауға қызықты грамматикалық тапсырмалар	7	
8	Есептерді теңдеу құру арқылы шығару	3	

9	Геометриялық фигураларға байланысты логикалық есептер	2	
10	Өлшем бірліктеріне байланысты тапсырмалар	2	
	Математикалық олимпиада	2	
11	«Үздік математик» оқушыны анықтау мақсатында олимпиада өткізу	1	
12	Қорытынды сабақ	1	

Барлығы: 34 сағат

Сандар мен цифрлар

1. Егер $100 - (29 + 37) = _ - 65$ болса, онда $_ =$

A) 100

B) 99

C) 98

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

2. Тоғыз санның қосындысы 9-ға тең. Сол сандардың арасында ең үлкен сан қандай болуы мүмкін?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

3. Қай сан ең кіші?

A) $3 + 2 + 2$

B) $13 - 3$

C) $(3 + 2) + (3 + 2)$

Жауабы:.....

4. 4 әртүрлі цифрлар арқылы 2 екі таңбалы сан жазылды. Берілген қосындылардың қайсысы болуы мүмкін?

A) 22

B) 26

C) 33

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

5. Көбейтіндінің мәні әр көбейткішке тең болуы мүмкін бе?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

6. Бөліндінің мәні 0-ге тең болуы мүмкін бе?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

7. Қосындының мәні қосылғышқа тең болуы мүмкін бе?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

8. Ондықтары бірліктерінен 3 есе артық болатын екі таңбалы сандарды көрсет.

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

9. Екі санның көбейтіндісінің мәні көбейткіштердің біреуіне тең болуы мүмкін бе?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

10. Ондықтары бірліктерінен 3 есе кем болатын екі таңбалы сандарды көрсет.

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

11. Екі санның көбейтіндісінің мәні сол екі санның бөліндісінің мәніне тең болуы мүмкін бе?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

12. Екі натурал санның қосындысы олардың көбейтіндісінің мәніне тең. Олар қандай сандар?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

13. Көбейтіндінің мәні бірінші көбейткіштен 5 есе артық. Екінші көбейткіш қаншаға тең?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

14. 106 санымен 113 санының аралығындағы сандарды жаз:

Жауабы:.....

15. Теңсіздік дұрыс болатындай, 7 сан жаз:

..... < 906 ; < 906 ; < 906 ; < 906 ;

..... < 906 ; < 906 ; < 906 ;

Жауабы:.....

16. Бірінші разрядтың бірліктері екінші разрядтың бірліктеріне қарағанда 2-ге артық, ал үшінші разрядтың бірліктері екіншіге қарағанда 2 есе артық болатын үш таңбалы сандарды жаз:

Жауабы:.....

17. 4 әртүрлі цифрлар арқылы 2 екітаңбалы сан жазылды. Берілген қосындылардың қайсысы болуы мүмкін?

A) 22

B) 26

C) 33

Жауабы:.....

18. 8 санын төмендегідей өрнекте:

а) амал таңбасын қойып, екі бірдей санмен

жауабы:.....

ә) амал таңбасын қойып, екі түрлі санмен

жауабы

б) амал таңбасын қойып, үш бір таңбалы санмен

жауабы

в) амал таңбасын қойып, төрт бірдей санмен

- жауабы
- г) амал таңбасын қойып, төрт бір таңбалы санмен
жауабы
- ғ) амал таңбасын қойып, бес бір таңбалы санмен
жауабы
- д) амал таңбасын қойып, алты бірдей санмен
жауабы
- е) амал таңбасын қойып, жеті бір таңбалы санмен
жауабы
- е) амал таңбасын қойып, сегіз бірдей санмен
жауабы
- ж) амал таңбасын қойып, тоғыз бір таңбалы санмен
жауабы
- з) амал таңбасын қойып, он бір таңбалы санмен
жауабы
19. Қандай үш санның қосындысы көбейтіндісіне тең болады?
Жауабы:.....
Дәлелде:.....
20. Үш санның қосындысы 43. Бірінші және екінші санның қосындысы 29. Бірінші және үшінші санның қосындысы 27 болса, осы санды табу керек.
Жауабы:.....
Дәлелде:.....
21. 100 санын 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар арқылы цифр қайталамай амал қолданып өрнекте.
Жауабы:.....
Дәлелде:.....
22. Келесі екі санды жаз:
А) 2, 3, 4, 5, 6, 7, ..., ... в) 6, 9, 12, 15, 18, ..., ...
ә) 10, 9, 8, 7, 6, 5, ..., ... г) 8, 8, 6, 6, 4, 4, ..., ...
б) 5, 10, 15, 20, 25, ..., ...
23. Сандар тізбегін жалғастыр:
А) 3, 7, 11, 15, 19, 23, ..., ... в) 25, 25, 21, 21, 17, 17, ..., ...
ә) 9, 1, 7, 1, 5, 1, ..., ... г) 1, 2, 4, 8, 16, 32, ..., ...
б) 4, 5, 8, 9, 12, 13, ..., ...
24. Цифрларының көбейтіндісіне тең, үш таңбалы сан болуы мүмкін бе?
Жауабы:.....


Дәлелде:.....

25. 1,2,3,4 және 6 сандары екі қағазға жазылған. Бірінші қағаздағы сандардың қосындысы екінші қағаздағы сандардың қосындысына тең. 1 саны жазылған қағазда неше сан бар?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

26. Суретте көрсетілгендей 1-ден 20-ға дейінгі сандар шеңбер айналасында жазылған. Бірінші 1 санын және содан кейін сағат тілінің бағытымен бір сан қалдыра отырып – 3, 5, 7 осылай өшіреміз. Өшіруге болмайтындай соңында қандай сан қалады?



Жауабы:.....

27. Бір сан ойланды. Бірлігі мен ондығында тұрған цифрлардың орындарын ауыстырды. Шыққан санды 19-ға қосқанда 24 шықты. Қандай сан ойланды?

A) 15 B) 50 C) 51

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

28. Неше екі таңбалы санның цифрларының қосындысы 10-ға тең.

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

29. Жаннұр бір сан ойлады. Бірлігі мен ондығында тұрған цифрлардың орындарын ауыстырды. Шыққан санды 19-ға қосқанда 24 шықты. Жаннұр қай санды ойлады?

A) 15 B) 50 C) 51

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

30. Неше екі таңбалы санның цифрларының қосындысы 10-ға тең.

Жауабы:.....

- Дәлелде:.....
31. Қандай санды 7-ге бөлгенде де, қалдықта да бірдей сан шығады?
Жауабы:.....
Дәлелде:.....
32. Екі таңбалы сан өзінің цифрларының көбейтіндісінен 2 есе артық. Ол қай сан?
Жауабы:.....
Дәлелде:.....
33. Үш санның қосындысы 80. Бір және екінші санның қосындысы 60. Бір және үшінші санның қосындысы 20 болса осы сандарды табу керек.
Жауабы:.....
Дәлелде:.....
34. Екі бір таңбалы сандардың көбейтіндісі, бірлік цифры 0 болатын екі таңбалы санға тең. Осы бір таңбалы сандардың қосындысы нешеге тең бола алмайды?
А) 11 В) 10 С) 9
35. 3, 5 және 6 сандарының қосындысы арқылы 17 санын көруге болады. Қосылғыштардың арасында 3 санын неше рет көруге болады?
Жауабы: А) 1 В) 2 С) 3
Дәлелде:.....
36. Екі санның қосындысы 6, ал олардың көбейтіндісі 8-ге тең. Осы екі санның кішісі неге тең?
А) 4 В) 2 С) 1
Дәлелдеме:.....
37. Мәні 1 болатындай етіп 1, 2, 7 және 6 сандарын мына шаршыларға $\square + \square - \square : \square$, орналастырыңдар. Осы өрнектегі бөлінгіш неге тең?
А) 1 В) 2 С) 7
Дәлелдеме:.....6+2-7:1
38. 123 санын қолданып, сол цифрлармен жазылатындай және ешбір цифр өз орнында қалмайтындай етіп, 123 санынан басқа да сандар жазылды. Қандай сан (сандар) жазылды?
Жауабы:
Дәлелдеме:.....

39. Бөлінгіш – бір таңбалы сан және бөлгіштен 3-ке артық. Бөлгіш бөліндіден 3-ке кем. Бөлгіш неге тең?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

40. Есептеңіз: 1 жүздік + 11 ондық + 11 бірлік – 200.

Жауабы:.....

41. Дұрыс болу үшін, шаршының орнына қай сан қою керек?

$$\square - 5 \times 6 = 2 \times 3 - 3?$$

Жауабы:.....

42. Дөңгелек пен шаршының орындарына екі әртүрлі бір таңбалы жұп сандарды қойыңдар, сол кезде көбейтіндінің мәні ең үлкен сан болады. Ол сан нешеге тең?  

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

43. Бес санның көбейтіндісі – 10. Олардың қосындысы нешеге тең?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

44. Қай санның бірліктері ең көп?

Жауабы: А) 19 В) 28 С) 37

45. Петр 11, 8, 2 және 9 сандарын кішісінен бастап өсу ретімен жазып шықты, сол кезде 9 цифры ортасында болды: (28)9(11). Егер Петр тура солай 13, 3, 7 және 2 сандарын жазып шықса, онда ортасында қандай цифр болады?

Жауабы: А) 3 В) 7 С) 1

Дәлелде:

46. Қай өрнектің белгісіз қосылғышы ең үлкен?

А) $\square + 36 = 68$ В) $29 + \square = 57$ С) $69 + \square = 100$

Жауабы:

Дәлелде:.....

47. $\square + \square > \square\square$ өрнегі дұрыс болатындай, Иван 1, 2, 7 және 6 сандарын $\square + \square - \square\square$ өрнектегі шаршылардың орнына қойды. Егер Иван сандарды шаршыларға дұрыс орналастырса өрнектің жауабы неге тең болады?

Жауабы: А) 1 В) 2 С) 3

Дәлелде:

48. Есептеңіз $11 - 1 + 12 - 2 + 13 - 3 + 55 - 5$.

Жауабы: А) 80 В) 70 С) 60

Дәлелде:

49. Бос жердің орнында қандай сөз тұру керек: « Белгісіз қосылғышты табу үшін басқа белгілі қосылғышты азайту керек»?

Жауабы: А) айырмадан В) қосындыдан С) көбейтіндіден

50. $5\Box$ мен $3\Box$ екі таңбалы сандардың қосындысы 98 болды ($\Box$ жазылмаған санды білдіреді). $5\Box - 3\Box$ айырмасы неге тең?

Жауабы:

Дәлелде:.....

51. Сандар келесі топтарға бөлінген: Бірінші топ: 1; Екінші топ: 2, 3; Үшінші топ: 4, 5, 6; Төртінші топ: 7, 8, 9, 10; және осылай т.б. Нешінші топта 50 саны бар?

Жауабы:

Дәлелде:.....

52. 0, 1 және 2 цифрларымен бірдей цифрлары болмайтын барлық екі таңбалы сандарды жазыңдар. Сол жазылған сандардың қосындысы неге тең?

Жауабы:

Дәлелде:.....

53. Егер «Есептеңіз 65-7» есебінде азайғышты 2-ге арттырып, ал азайтқышты 1-ге кемітсек, оның айырмасы неге тең болады?

Жауабы:

Дәлелде:.....

54. Араларында 2 сейсенбі болуы үшін, қатарынан ең көп неше күнді таңдап алу керек

Жауабы: А) 1 В) 2 С)

Дәлелде:.....

55. 22- ден кіші жазылуында 2 цифры бар барлық сандарды қостым. Өрбір қосылғыштағы 2 цифрын 1 деп ойлап, қателік жібердім. Дұрыс қосынды қате қосындыдан нешеге көп?

Жауабы:

Дәлелде:.....

56. Қай өрнек дұрыс емес?

Жауабы: А) $10\text{ см} > 1\text{ дм}$ В) $20\text{ см} < 10\text{ дм}$ В) $30\text{ дм} = 3\text{ м}$

Дәлелдеме:

57. *орнына неше әр түрлі цифр қойғанда, $64 > 5 \cdot$ теңсіздігі дұрыс болады?

Жауабы: А) 4 Б)9 В)10

Дәлелдеме:

58. Азайғыш азайтқыштан 2-ге артық. Азайтқыш 16-ға тең болса, онда айырма неге тең болады?

Жауабы: А)2 Б)14 В)18

Дәлелдеме:

59. Берік бір сан ойлады. Ол санға 18-ді қосқанда, нәтижесінде 31 шықты. Берік қандай сан ойлаған?

Жауабы: А) 23 Б) 33 В) 13

Дәлелдеме:

60. Төмендегі неше өрнек дұрыс емес?

$$11 - 0 < 12 - 1 \qquad 57 + 3 = 30 + 30 \qquad 16 + 29 < 40 + 5$$

Жауабы: А) 0 Б) 1 В) 2

Дәлелдеме:

61. Қоян төрт аяғымен тұрса, оның салмағы 6 кг болады. Ал егер қоян екі аяғымен тұрса, онда оның салмағы неше кг болады?

Жауабы: А) 6 Б)4 В)2

Дәлелдеме:

62. Бір қосылғыш 10-нан 5-ке артық, ал екінші қосылғыш 10-нан 5-ке кем болса, онда осы екі қосылғыштың қосындысы неге тең?

Жауабы: А) 10 Б) 20 В) 25

Дәлелдеме:

63. Ең кіші екі таңбалы санға 35 ті қос.Шыққан нәтижені ең үлкен бір таңбалы санға бөліп, өрнек құрып шығар.

Жауабы: А) 0 Б)2 В)5

Дәлелдеме:

64. Екі әртүрлі цифрмен жазылатын, барлығы неше екі таңбалы сандар бар?

Жауабы: А) 90 Б) 81 В) 99

Дәлелдеме:

65. Бір екі таңбалы саннан, бірлігі мен ондығының орнын

ауыстырып, басқа екі таңбалы сан алды. Бұл екі санның айырмасы неге тең болуы мүмкін емес:

Жауабы: А) 9 Б) 16 В) 27

Дәлелдеме:

66. 11 санды қосқанда нәтижесінде 10 шыққан. Ең кіші қосылғыш неге тең?

Жауабы: А) 0 Б) 1 В) 2

Дәлелдеме:

67. Әр шыршада, барлық шыршалар санына тең торғайлар отыр. Барлық торғайлар саны 36 болса, онда шыршалар саны нешеу?

Жауабы: А) 3 Б) 5 В) 6

Дәлелдеме:

68. Цифрларының қосындысы 17 болатын, барлық екі таңбалы сандардың қосындысы неге тең?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:

69. Сәбит 1 санынан бастап барлық сандарды кезекпен жазып шықты. Сол сандарды жазу үшін ол барлығы 99 цифр пайдаланған екен. Олай болса Сәбиттің жазған соңғы саны қандай?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:

70. Қандай сан жазылмай кеткен? $10 + ? = 12 + 9$

Жауабы: А) 10 Б) 11 В) 12

Дәлелдеме:

71. Қандай теңсіздік дұрыс емес болып есептелмейді ?

Жауабы: А) $50 < 30$ Б) $30 < 20$ В) $20 > 19$

Дәлелдеме:

72. $26 > 2@$ өрнегіндегі @-ның орнына теңсіздік дұрыс болатындай неше цифр жазуға болады ?

Жауабы: А) 9 Б) 6 В) 3

Дәлелдеме:

73. Азайғыш азайтқышқа тең болса, онда айырма неге тең болады?

Жауабы: А) 0 Б) 1 В) 2

Дәлелдеме:.....

74. Бір сан ойладық. Оған 11-ді қосқанда 22 болды. Ойлаған сан неге тең?

Жауабы: А) 33 Б) 11 В) 21

Дәлелдеме:

75. Төмендегі өрнектердің нешеуі дұрыс?

$$74 - 2 > 61$$

$$38 + 1 > 33 + 5$$

$$22 - 5 > 10 + 7$$

Жауабы: А) 1 Б) 2 В) 3

Дәлелдеме:

76. 3 және 4 цифрлары арқылы екі таңбалы 33, 34, 43 және 44 деген сандар құрастыруға болады. Иван 1 және 0 цифрларынан мүмкін болатын барлық екі таңбалы сандар құрастырды. Сол сандардың қосындысы неге тең?

Жауабы: А) 21 Б) 22 В) 23

Дәлелдеме:.....

77. Жоқ санды тауып, орнына қойындар. Табылған сандардың ең үлкені неге тең:

$$21 - \dots = 19$$

$$13 + \dots = 20$$

Жауабы: А) 7 Б) 2 В) 9

Дәлелдеме:

78. 80 және 40 сандарының айырмасы, бұл-

Жауабы: А) 30-дан кем сан Б) 40-тан кем сан В) 50-ден кем сан

Дәлелдеме:.....

79. Хризантемалар саны 23, ал розалардың одан 8-і кем. Барлық гүлдер саны нешеуі?

Жауабы: А) 31 Б) 38 В) 46

Дәлелдеме:.....

80. Екі санның қосындысы 43, ал қосылғыштың біреуі 8. Екінші қосылғыш неге тең болады:

Жауабы: А) 51 Б) 45 В) 35

- Дәлелдеме:.....
81. Екі санның қосындысы 43, ал қосылғыштың біреуі 8. Сол екі санның айырмасы неге тең болады:
Жауабы: A) 21 Б) 22 В) 27
- Дәлелдеме:.....
82. Мына қатарда келесі сан қандай болады?
Жауабы: 1, 1, 2, 2, 2, 3, 3, 3, 3, 4, 4, 4, .. ?
- Дәлелдеме:.....
83. Барлығы бір таңбалы және екі таңбалы неше сан бар? қандай?
Жауабы:
- Дәлелдеме:.....
84. 2 жыл бұрын Дария мен Әлияның жастарының қосындысы 30 болатын. Бес жыл бұрын Дария мен Әлияның жастарының қосындысы тең болған.
Жауабы:
- Дәлелдеме:.....
85. 123 және 127 сандарының аралығында неше сан бар:
Жауабы: A) 2 Б) 3 В) 4
- Дәлелдеме:.....
86. 3-ке қандай сан қосқанда нәтижесінде 101 шығады:
Жауабы: A) 97 Б) 98 В) 99
- Дәлелдеме:.....
87. Қандай өрнек дұрыс:
Жауабы: A) $211=112$ Б) $211<112$ В) $211>112$
- Дәлелдеме:.....
88. $980>9@0$ теңсіздігі дұрыс болу үшін, @ орнына әртүрлі неше цифр қоюға болады:
Жауабы: A) 1 Б) 7 В) 8
- Дәлелдеме:.....
89. Егер 222 санының бірлігінің орнына 9 цифрын жазатын болсақ, онда мынадай сан алынады:
Жауабы: A) 922 Б) 292 В) 229
- Дәлелдеме:.....

90. 104 санының алдында неше үш таңбалы сан бар?

Жауабы: А) 2 Б) 3 В) 4

Дәлелдеме:.....

91. Санды өзіне өзін көбейткенде бір таңбалы сан шығатын неше сан бар?

Жауабы: А) 2 Б) 3 В) 3-тен көп

Дәлелдеме:.....

92. $37+30 = 68$ өрнегінің, 37, 30 және 68 сандарының біреуінің бірлігін ауыстырғанда дұрыс теңдік алынған. Осындай неше ауыстыру жасауға болады?

Жауабы: А) 1 Б) 2 В) 3

Дәлелдеме:.....

93. Егер қосынды 35 болса, онда қосылғыштар неге тең?

Жауабы: А) 19 және 26 Б) 14 және 21 В) 29 және 16

Дәлелдеме:.....

94. Қандай айырма ең үлкен болады:

Жауабы: А) 80 - 70 Б) 70 - 60 В) 40 - 20

Дәлелдеме:.....

95. Теңдіктегі белгісіз @ қосылғышы неге тең?

$35 \text{ см} = @ \text{ дм} + 25 \text{ см}$

Жауабы: А) 10 Б) 100 В) 1

Дәлелдеме:.....

96. Егер $101 + 799 = 900$ болса, онда $(900 - 799) - 98 =$

Жауабы: А) 1 Б) 2 В) 3

Дәлелдеме:.....

97. Барлығы 43 мая шөп тұрды. Оның 4-ін біріктіріп біреу жасады.

Енді мая шөп нешеу болып қалды?

Жауабы: А) 39 Б) 40 В) 47

Дәлелдеме:.....

98. Әртүрлі ең кіші үш санның қосындысы неге тең болады:

Жауабы: А) 3 Б) 6 В) 0

Дәлелдеме:.....

99. Цифрларының көбейтіндісі 0 болатын неше екі таңбалы сан

бар?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

100. Қабырғасы 25 см болатын шаршының периметрі неше метр болады?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

101. Мына қатардағы 1, 2, 3, 6, 11, 20, 37, ... келесі сан қандай болады?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

102. Жазылуында 0 цифры болатын барлығы неше екі таңбалы сандар бар?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

103. Төрт оқушыда бірге 11 фломастер бар және әрқайсысында әртүрлі сан. Ең көп фломастері бар оқушыда неше фломастер бар?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

104. 89 санынан кіші сандарда 8 цифры неше рет қайталанады?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

105. Цифрларының қосындысы 26 болатын неше үш таңбалы сан бар?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

106. 17 мен 25 сандарының арасында тұрған және бірлігі 1-ге тең сан қандай?

Жауабы: A) 18 B) 19 C) 21

Дәлелдеме:.....

107. 28, 82, 100, 19 және 51 сандарын кішісінен бастап, өсу ретімен орналастырыңыз. Сол кезде ортасында тұрған сан неге тең болады?

Жауабы: A) 28 B) 82 C) 51

Дәлелде:.....

108. Егер 20 мен 70 сандарының қосындысынан 1 ондықты азайтсақ, жауабы неге тең болады?

Жауабы: А) 80 ондық В) 80 бірлік С) 89

Дәлелде:

109. Егер 0-ден бастап 33-ге дейінгі барлық сандарды жазсақ, онда 2 цифрын неше рет жазамыз?

Жауабы: А) 4 В) 13 С) 14

Дәлелде:

110. Бір сан ойлады. Осы санның ондығы мен бірлік цифрларының орындарын ауыстырғанда 12 болды. Ойлаған сан мен 1-дің қосындысы неге тең?

Жауабы:.....

Дәлелде.....

111. Сенбі мен жексенбі – демалыс күндер. Аптаның қатарынан келген 6 күннің ішінде неше демалыс күндері болуы мүмкін? Барлық мүмкіндіктерді көрсетіндер.

Жауабы:

Дәлелде.....

112. Төменде көрсетілген қосындылардың нешеуі 10-ға тең?

$1 + 2 + 7$; $11 - 1$; $2 + 8 + 0$; $1 + 2 + 3 + 4$; $1 + 7 + 1$

Жауабы:

Дәлелде.....

113. Есептеңіз $10 \text{ бірлік} + 8 \text{ ондық} - 70$.

Жауабы:

114. 6 санына неше әртүрлі бір таңбалы сандарды қосқанда екі таңбалы сан болады?

Жауабы:

Дәлелде.....

Қисынды ойлауды дамыту практикумы

1. Үш мысық - Мамық, Аппақ, Аққұлақ – алабұға, табан және сазанды жеді. Мамық алабұғаны да, табанды да жеген жоқ. Аппақ алабұғаны жеген жоқ. Әр мысық қай балықты жеді?



Жауабы:.....


Дәлелде:.....

2. Санжар ақшасына 6 дәптер алса, 38 теңге артық қалады. 10 дәптер алса, 186 теңге жетпей қалады. Санжарда қанша ақша болған?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

3. Кітаптың бетін нөмірлеуге 135 цифр қажет болса, бұл кітап неше бетті болғаны?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

4. Аулада ешкілер мен қаздар жүр. Бізге белгілі 26 аяқ және 8 бас. Аулада қанша ешкі және қанша қаз жайылып жүр?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

5. Себеттегі алмалардың саны екі таңбалы. Алмаларды 2,3,5 балаларға тең бөліп беруге болады, бірақ 4 балаға тең бөлуге болмайды. Сонда себетте қанша алма болғаны?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

6. Неше рет ойнады? Демалыс үйінде демалып жатқан 15 адам бір-бірімен бұрыш ойнады. Әр ойыннан кейін жеңілген ойыншы ойыннан шығып отырды. Бірінші күні 5 рет, екінші күні 6 рет ойналды, ал үшінші күні ойын аяқталды. Үшінші күні неше рет

ойналды?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

7. Ағасының сыйлығы. Рахат пен Рауан ағайындылар. Олардың екеуінде 100 марка бар. Туған күніне Рахат Рауанға 20 марка сыйлағанда, екеуінің маркалары бірдей болды. Бастапқыда Рауанда қанша марка болған,Рахатта қанша марка болған?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

8. Рауан мен Асхаттың 16 дәптері бар. Рауан Асхатқа 4 дәптер бергенде, олардың дәптер саны бірдей болды. Бұған дейін олардың қайсында қанша дәптер болған еді?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

9. Мияухан /мысық / мен Ақтөс бөренені бөліктерге 3 минутта бөле алады. Ұзындығы 3 метр бөренені әрқайсы 1 метрден болатын бөліктерге бөлу үшін қанша уақыт қажет?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

10. Төрт таяқтың 8 ұшы бар.Алты жарым таяқтың неше ұшы бар?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

11. Айжанның бұрымы Балжанның бұрымына қарағанда ұзынырақ, ал Ақнұрдың бұрымы Айжанның бұрымынан ұзынырақ. Үш қыздың қайсының бұрымы ең ұзыны?


Жауабы:.....

12. Қызыл Телпек әжесіне 14 самса әкеле жатыр: ет қосылған, саңырауқұлақ қосылған және алма қосылған. Ет қосылған самса алма қосылған самсадан екі есе артық, ал алма қосылған самса саңырауқұлақ қосылған самсадан екі есе артық. Қызыл Телпектің себетінде саңырауқұлақ қосылған самса қанша болған?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

13. Қызыл Телпек әжесіне екі себет самса әкеле жатыр. Әр себетте 14 самсадан. Сұр Қасқыр орманнан шыға келіп, бір себеттегі алмаларды түгелге жақын алып қойды. Қызыл Телпек қасқырдан қанша самса қалды, екінші себеттен сонша самсаны алды. Сонда екі себетте қанша самса қалды?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

14. Сұр қасқыр бір самсаны 5 минутта жейді. Неше минуттан кейін ол оныншы самсаны жейді.

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

15. Аулада балапандар мен қозылар жайылып жүр. Олардың бастары жиырма және сирақтары елу екі. Аулада қанша балапандар мен қозылар жүр?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

16. Кітаптан бірнеше парақ түсіп қалды. Бірінші түскен парақта 5

цифры, ал келесі парақта 10 цифры тұр. Кітаптың неше парағы түскен?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

17. 300 теңге ақшаны екі әкесі, екі баласы тең 100 теңгеден бөліп алды. Олар қалай бөлді?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

18. Арғынның әкесі 27 жаста болғанда Арғын 3 жаста болды. Ал қазір баласының жасы әкесінің жасынан есе кем. Олардың әрқайсының жасы нешеде болғаны?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

19. Үш вазада 27 раушан гүлі салынған. Егер бірінші вазадан 5 гүлді екінші вазаға, ал екінші вазадан 3 раушанды үшінші вазаға салғанда, барлық вазадағы гүлдердің саны бірдей болды. Алғашқыда әр вазада қанша гүл болған?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

20. Андрейде 5 қарындаш, ал Бетиде 6 есе көп. Марияда Бетиге қарағанда 6 қарындашқа кем болса, Марияда неше қарындаш бар?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

21. Біздің сыныпта 25 оқушы бар. Олар бір түзу қатарына сапқа тұрды. Сапта бірінші болып мен тұрмын. 1 метрден кейін екінші оқушы тұр, одан 1 метрден кейін үшінші оқушы тұр және т.с.с. Осы

қатардағы үшінші оқушы мен 25-ші оқушының арасы неше метр?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

22. Әділеттің әкесі барлығы 20 қоян мен көгершін ұстайды. Қоян мен көгершіндердің аяқтарының жалпы саны 54 болса, онда оның неше қояндары бар:



Жауабы: А) 7 Б) 8 В) 13

Дәлелдеме:

23. Әлия мен Даниел екеуінде 24 кәмпит болды. Әлия 2 кәмпит сатып алғанда оның кәмпиттері Даниелге қарағанда 12 – ге артық болды. Қазір Әлияда неше кәмпит бар?

А) 18

В) 19

С) 20

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

24. Әрбір шыршада қанша бұта бар, сонша торғайлар отыр. Торғайлардың саны 16. Онда бұталар саны:

Жауабы: А) 3 В) 4 С) 5

25. 6 теңгеден 9 марка сатып алынып 10 теңгеліктерден 6 купюр ақша төленді. Ақшаның артығын қалай қайтаруға болады:



А) 3 тәсілмен В) 4 тәсілмен С) 5 тәсілмен

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

26. Бір бөлмеде 2 әже, 4 ана, 4 қыз, 2 немере бар. Бөлмеде ең кемінде неше адам болуы мүмкін?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

27. Екінші сыныпта 22 оқушы бар. Он екі оқушыда 4 бестіктен аз, ал келесі 12 оқушыда екі бестіктен көп бес бар. Неше оқушыда тек үш бес бар?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

28. Раушанның гүл бағында 88 гүлі ашылмаған және 8 гүлі ашылған раушандар бар. Әр күні 4 раушан гүлі ашылады, ал гүлі ашылғандар өсуді жалғастыра береді. Қанша күннен кейін қалада

гүлі ашылған және гүлі ашылмаған раушандар саны бірдей болады?



Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

29. Асан мен Үсен дүкеннен доп сатып алғысы келді. Оны сатып алу үшін Асанның 20 теңгесі, ал Үсеннің 30 теңгесі жетпеді. Олар ақшаларын қосып доп сатып алды және 60 теңге ақшасы қалды. Доп қанша тұрады?



Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

30. Су толған ыдыстың салмағы 20 кг, ал жартысына дейін құйылса, үш бос ыдыстың салмағына тең болады. Бос ыдыстың салмағы неше кг?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

31. Төрт бала кездесті: Медет, Серік, Нұрасыл және Рахат. Медет 3 баламен қол алысты, Серік 2 баламен, Нұрасыл 1 баламен. Рахат неше баламен қол алысты?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

32. Олимпиадалық ойын құрмет тұғырында алтын, күміс және қола медальдарымен марапатталған **A**, **B**, және **C** спортшылары тұр. **A** алтын медаль иегері де, қола медаль иегері де емес. **B** қола медаль иегеріне ұқсамайды. Алтын медаль иегері кім?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

33. Мұстафаның математика пәнінен алатын бағалары тек қана алты мен бес. Егер барлық бағаларының қосындысы 29 болса, онда Мұстафада неше баға бар?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

34. 18 вафлиді тарелкелерге былай салған: біріншісіне – 4, екіншісіне – 5, үшіншісіне – 2, ал төртіншісіне – 7. Осы тарелкелерді екі үстелге қойғанда, бір үстелде екінші үстелден екі есе көп вафли болу керек. Сонда тарелкелерді қалай қоямыз?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

35. Құмырсқа үйінде 45 құмырсқа бар. Олардың 30-ы жұмысқа кетті. Егер жұмысқа кеткен 30 құмырсқаның 14-і қайтып келсе, онда құмырсқа үйінде неше құмырсқа болады?

Жауабы: A) 29 B) 59 C) 19

36. Төрт оқушыда 14 шар бар және әрқайсысында шарлар саны әртүрлі. Екі оқушыда бірге ең көп неше шар болуы мүмкін?
Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

37. Кезекте Айнұр Айжаннан кейін тұр. Айнұрдың алдында он екі адам бар. Ал Айжаннан кейін он бес адам тұр. Кезекте барлығы неше адам тұр?

Жауабы: А)25 Б)26 В)27

Дәлелдеме:

38. Әлияның екі тәтесі және одан екі есе көп ағалары бар. Оның әр ағасының неше ағасы және тәтелері бар?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:

39. 12 мая шөп тұр, оның 4-уін бір маяға біріктірді. Енді барлығы неше мая шөп болды ?

Жауабы: А) 17 Б) 10 В) 9

Дәлелдеме:.....

40. Бір топ оқушылар 7 қыз және 9 ұл театрға билет алды. Осылардың арасынан 2 қыз және 1 ұл қойылым көруге келмей қалды. Барлығы неше бала қойылым көруге келді?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

41. Ағам апельсиндердің жартысын алып кетті, қалғанының жартысының жартысын маған берді, сонда тәтеме 3 апельсин қалды. Барлығы неше апельсин болған?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

42. Үш чемоданнан үш кілт бар. Әр чемоданның сәйкес кілтін табу үшін, барлығы неше мүмкіндік жасау керек?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:

43. Қоян төрт аяғымен тұрса, оның салмағы 6 кг болады. Ал

егер, қоян екі аяғымен тұрса, онда оның салмағы неше кг болады?

Жауабы: А) 6 Б) 4 В) 2

Дәлелдеме:

44. Бұтаққа 3 торғай қонды. Содан кейін осы бұтаққа тағы да сонша торғай келіп қонды. Бұтақта барлығы неше торғай болды?

Жауабы: А) 6 Б) 3 В) 4

Дәлелдеме:.....

45. Қорада қояндар мен тауықтар бар. Олардың жалпы саны 39, аяқтарының саны 90. Қоян мен тауықтың әрқайсы қанша болған?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

46. Арай, Мерей және Болат самса,тоқаш және тұшпара жеді. Мерей мен Арай самса мен тұшпара жеді. Болат не жеді?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

47. Рауан, Айзада және Рахат туған күнге ойыншықтар - мысық, аю, қоян келді. Айзада қоян әкелген жоқ. Рауан аюды да, қоянды да әкелген жоқ. Рахат қай ойыншықты әкелді?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

48. Ағайда үштік тиыннан 4, апайда екілік тиыннан 10 дана бар. Олардың тиыны тең болу үшін апай ағайға неше тиын беру керек?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

49. Аулада ешкілер мен қаздар жүр.Бізге белгілі 26 аяқ және 8 бас. Аулада қанша ешкі және қанша қаз жайылып жүр?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

50. Мерейдің кілең бір теңгеліктен тұратын барлығы 100 теңге ақшасы бар еді. Оқу құрал-жабдықтарын сатып алған ол дүкенге 97 теңге төлеуге тиіс еді. Мұны қалай тез санап беруге болады?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

51. Рахат, Мерей және Ернардың әрқайсысында 18 фишка бар еді. Рахат – Мерейге, Мерей – Ернарға, ал Ернар – Мерейге төрт фишка қарыздар болатын. Олар қалай есеп айырысар еді?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

52. Таңертең мектептің алдында Ернар, Мерей, Рахат, Нұрасыл, Ерасыл, Аяла кездесіп, қол алысып амандасты. Барлығы неше рет қол алысу болды?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

53. «Орман дәрігері» тоқылдақ орманда аңдардың мектебін ашты. Онда 3 мысықтың баласы, 4 үйректің балапаны, 2 қаздың балапаны және бірнеше қозы оқиды. Тоқылдақ өзінің оқушыларының аяқтарының саны 44 екенін біледі. Мектепте қанша қозы оқиды?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

54. Үш ыдыста 36 раушан гүлі өсіп тұр. Егер бір ыдыстан 3 гүл алып, екінші ыдысқа отырғызса, 3 ыдыстағы гүлдің саны тең болады. Алғашында әрбір ыдыста неше гүлден болған?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

55. Оқушылар жаңа жылдық шыршаға түрлі түсті қағаздан шығыршық істеді. Олар бірінші қызыл түстен, содан кейін сары, көк және жасыл түстен кезектестіріп істеді. Сонда 10-шығыршық қандай түсті болғаны?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

56. Марияның бір ағасы мен үш әпкесі бар. Марияның ағасында неше әпке бар?

Жауабы: А) 2 В) 3 С) 4

Дәлелде:.....

57. Клевердің 8 сабағы бар. Олардың кейбіреулерінде үш сабақ бар. Барлық сабақтың 28 жапырағы бар. Неше сабақта 4 жапырақтан бар?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

Логикалық өрнектер

1. Теңдік дұрыс болу үшін көп нүктенің орнына тиісті сандарды қою керек.

$$5 \dots \dots + 100 = 600$$

$$470 + 1 \dots \dots = \dots \dots 9$$

$$7 \dots \dots - \dots 00 = \dots \dots 7$$

$$\dots \dots + \dots = 103$$

2. Қандай санды 2,3,4- ке бөлгенде 1 қалдық қалғанымен, 5-ке бөлінгенде қалдықсыз болады. Бұл қандай сан болғаны?

Жауабы:.....
.....

Дәлелде:.....

$$\dots 7 \dots + \dots \dots 6 = 180$$

$$3 \ 2 \dots - \dots \dots 0 = 180$$

$$2 \dots \dots - \dots 40 = 180$$

$$1 \ 2 \dots + \dots 0 = 180$$

2. Теңдік дұрыс болу үшін көп нүктенің орнына тиісті амал таңбаларын / +; -; .; :; () / кою керек.

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 2$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 3$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 4$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 5$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 3$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 4$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 6$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 9$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 14$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 20$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 24$$

$$4 \dots \dots 3 \dots \dots 2 = 14$$

3. Теңдік дұрыс болу үшін көп нүктенің орнына тиісті амал таңбаларын / +; -; .; :; () / кою керек.

$$2 \dots \dots 2 \dots \dots 2 \dots 2 = 22$$

$$2 \dots \dots 2 \dots \dots 2 \dots 2 = 111$$

$$2 \dots \dots 2 \dots \dots 2 \dots 2 = 224$$

$$2 \dots \dots 2 \dots \dots 2 \dots 2 = 88$$

$$2 \dots \dots 2 \dots \dots 2 \dots 2 = 220$$

$$2 \dots \dots 2 \dots \dots 2 \dots 2 = 444$$

4. Теңсіздік дұрыс болу үшін көп нүктенің орнына тиісті амал таңбаларын / +; -; .; :; () / кою керек.

$$3 \dots \dots 3 > 12 \dots \dots 2$$

$$23 \dots \dots 3 > 42 \dots \dots 2$$

$$72 \dots \dots 9 > 54 \dots \dots 9$$

$$18 \dots \dots 3 < 10 \dots \dots 2$$

$$110 \dots \dots 30 < 50 \dots \dots 2$$

$$320 \dots \dots 80 < 150 \dots \dots 2$$

$$140 \dots \dots 7 > 40 \dots \dots 2$$

$$810 \dots \dots 9 < 30 \dots \dots 4$$

$$64 \dots \dots 20 > 120 \dots \dots 20$$

$$480 \dots \dots 3 < 90 \dots \dots 2$$

$$270 \dots \dots 30 > 400 \dots \dots 2$$

$$314 \dots \dots 37 > 200 \dots \dots 2$$

4. Тиісті белгілерді +, -, ., : , () қ ойып, өрнекті шығар:

$$5 \ 5 \ 5 \ 5 = 12$$

$$1 \ 2 \ 3 \ 4 \ 5 = 1$$

Жауабы:.....

5. 20 санын 9 цифр арқылы өрнектеп жаз.

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

Тиісті «+», «-» амал таңбаларын қойып, өрнекті шығар.

$$A/ 5 \dots 4 \dots 3 \dots 2 \dots 1 = 3$$

$$B/ 5 \dots 4 \dots 3 \dots 2 \dots 1 = 5$$

11. Тиісті «+», «-» амал таңбаларын қойып, өрнекті шығар.

$$1 \dots 2 \dots 3 \dots 4 \dots 5 \dots 6 \dots 7 = 100$$

12. Өрнекті «-» амал таңбасын қойып шығар.

$$8 \dots 7 \dots 6 \dots 5 \dots 4 \dots 3 \dots 2 \dots 1 = 3$$

13. Теңдік дұрыс болу үшін тиісті амал таңбасын қойып шығар, қажет болса, жақша қойып шығар:

$$a/ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 22$$

$$b/ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 220$$

$$ә/ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 88$$

$$г/ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 224$$

$$б/ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 111$$

$$д/ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 444$$

Бес екі цифры және амал таңбаларын жақша қойып, қалай 10 санын шығаруға болады?

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

$$2 \ 2 \ 2 \ 2 \ 2 = 10$$

Цифрлардың арасына тиісті амал таңбаларын қойып, теңдікті шығар:

$$a/ 1 \dots 2 \dots 3 \dots 4 \dots 5 \dots 6 \dots 7 = 8$$

$$ә/ 1 \dots 2 \dots 3 \dots 4 \dots 5 \dots 6 \dots 7 \dots 8 = 9$$

$$б/ 1 \dots 2 \dots 3 \dots 4 \dots 5 \dots 6 \dots 7 \dots 8 \dots 9 = 10$$

«Сиқырлы» шаршылар

1. Бос торларға бір таңбалы сандарды қосындысы 15 болатындай етіп орналастыр.

4		
	5	
	1	

Дәлелде:

2. Суреттегі шаршы – «сиқырлы». А санын табыңыз.

	21	18
	15	А
12		

Дәлелде:

3. «Сиқырлы шаршыдағы» құпия сандарды тауып шығар

16		
	15	
		14

4. Сандар тобының қайсысы ерекше?

4	32
20	64


9	81
18	63

4	3
6	11

7	21
42	28

Дәлелде:.....

7. Өзгеше суретті тап.






Жауабы:.....

Дәлелде:.....

Математикалық кілемше

1. Кілемшені өлшемі және пішіні бірдей төрт бөлікке бөл. Әр бөлікте гүл болу керек.





Сандық ребустар

1. Бірдей әріптер бірдей цифрларды білдіреді.

$$AB + 8 = 3B \quad ГД + B = GB \quad ГБ + 3 = АД \quad A + BB + A = CCC$$

.....

$$AB + CD = XD$$

$$ABB + BB = AAB$$

.....

$$A + AB + ABC = BCB$$

$$ACC - A = BB$$

.....

2. Үш таңбалы ABB саны берілген. Осы үш цифрдың көбейтіндісі - екі таңбалы AC -ға тең. Ал бұл екі цифрдың көбейтіндісі C -ға тең. Бұл ребуста цифрлар әріптермен берілген. Бірдей әріптер бірдей цифрларға сәйкес келеді. Алғашқы сан қай сан болғаны?

Жауабы:.....

Дәлелде

3. Бірдей әріптер бірдей цифрларды білдіреді.

$$A) AA AAA : A = BB BBB$$

$$B) BB BBB : BB = BB BBV$$

$$ә) AA AAA : B = BB BBB$$

$$г) ABB + VBA = B GB$$

$$\text{б) } \text{БББ БББ} : \text{ВВ} = \text{БА БАБ}$$

$$\text{д) } \text{Д ДДД} : \text{ВВ} = \text{АГА}$$

4.Дұрыс теңдік шығу үшін бірдей әріптерді бірдей цифрлармен, ал жұлдызшаларды кез келген қажетті цифрлармен алмастырып шығар:

$$\text{А) } \text{АА} + * = ***$$

$$\text{е) } \text{ВВВ} \times \text{Д} = \text{А А А}$$

$$\text{ә) } ** + * = * \text{АА}$$

$$\text{ж) } \text{ААА} \times * = \text{Б Б}$$

$$\text{б) } ** + ** = 2 **$$

$$\text{з) } \text{КЕК} \times * = \text{МЕМ}$$

$$\text{в) } ** + ** = 195$$

$$\text{к) } \text{ССС} : * = \text{РРР}$$

$$\text{г) } *** + ** = \text{КК}$$

$$\text{қ) } \text{У ББ} : * = \text{Х ББ}$$

$$\text{Д) } \text{МСС} \times * = \text{ЕСС}$$

$$\text{л) } \text{ЕАЕ} : * = \text{САС}$$

Геометриялық фигураларға байланысты логикалық есептер

1. Төрт бұрыш формалы бөлменің ішіне әр қабырғасында 1 орындық болатындай етіп, 3 орындықты қалай қоюға болады? (суретін сал, орындықтарды нүктемен белгіле)

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

2. Төрт бұрыш формалы бөлменің ішіне әр қабырғасында 1 орындық болатындай етіп, 2 орындықты қалай қоюға болады? (суретін сал, орындықтарды нүктемен белгіле)

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

3. Төрт бұрыш формалы бөлменің ішіне әр қабырғасында 2 орындық болатындай етіп, 4 орындықты қалай қоюға болады? (суретін сал, орындықтарды нүктемен белгіле)

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

4. Төрт бұрыш формалы бөлменің ішіне әр қабырғасында 2 орындық болатындай етіп, 5 орындықты қалай қоюға болады? (суретін сал, орындықтарды нүктемен белгіле)

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

5. Төртбұрышты екі кесінді арқылы төрт үшбұрышқа қалай бөлуге болады?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

6. Шаршының оң жағында – сопақ, ал сол жағында – үшбұрыш.


Дөңгелек үшбұрыш пен сопақтың ортасында, ал бесбұрыш шаршының оң жағында орналасқан. Фигуралардың орналасуын суреттерін салып көрсет.



Дәлелде:.....

7. Адастырушы шеңбер

Қағазға 5 қабат шеңбер сызып, есік шығарылады. Есікке сан жазылған. Ойыншылар шеңбердің түбіне жету үшін 5 есіктен өтеді және ол есіктердегі сандардың қосындысы 100-ге тең болу керек. Кім алдымен жолын тапса сол жеңіске жетеді.




.....

8. Шаршының сол жағында үшбұрыш, ал шаршының оң жағында дөңгелек тұр. Шаршы қайда? Суретін сал.

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

9.Төрт таяқшаны алып тастағанда 5 шаршы қалатындай болсын.



.....

Дәлелдеме:.....

.....

.....

3. «Тапқыр болсаң ... »

Ойынның шарты: ішінде саны бар сөздерді көп ойлап жазса, сол көп ұпай жинайды.

Мысалы: түбір - тү + 1

Күшік – к+ 3+ік

Желтоқсан – жел + 90

.....

4. «Ерекше сөздер»

Сөйлемдерден ерекше сөздерді тауып, ерекшелігін түсіндір.

Қайраттың досының ұлты қазақ. Таңат шаш қию өнерін ұнатады.

Бауырсақты сарғайтып пісіру үшін ыстық майда былғайтын зат қалақ деп аталады. Нан болса, ән де болады.

.....

Логикалық есептерді теңдеу құру арқылы шығару

1. Қожанасырға Алдар өзінің малды болғанын қуанып айтты, бірақ санын былай айтты: «Байдың 48 қойын бірнеше есе кемітсең, нәтижесінде бір таңбалы жұп сандар 4 пен 2-нің көбейтіндісіне тең болады. Осыны шығарсаң менің қойларымның санын да біліп қаларсың» депті.



Қожанасырға көмектесейік, Алдаркөсенің қанша қойы бар екен?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....


2. Тазша ең үлкен екі таңбалы саннан белгісіз санды кемітіп, нәтижесінде ең кіші екі таңбалы сан алды. Белгісіз қай сан ?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

3. Қожанасырға Алдар өзінің малды болғанын қуанып айтты,бірақ санын былай айтты: «Байдың 48 қойын бірнеше есе кемітсең, нәтижесінде бір таңбалы жұп сандар 4 пен 2-нің көбейтіндісіне тең болады. Осыны шығарсаң менің қойларымның санын да біліп қаларсың» депті. Қожанасырға көмектесейік, Алдаркөсенің қанша қойы бар екен?



Жауабы:.....

Дәлелде:.....

Өлшем бірліктеріне байланысты тапсырмалар

1. Артық өлшемді көрсет: 6 м, 3 см, 14 мм, 6 кг, 75 дм, 3 км

Жауабы:.....

2. Ұзындығы 6 м арқанды 5 жерден кесті. Барлығы қанша бөлік пайда болды?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

3. Рақымжан мен анасы 1 кг, 2 кг, 3 кг, 4 кг, 5 кг, 6 кг, 7 кг болатын азық-түлік сатып алды. Осы азық-түлікті 4 сөмкеге тең етіп бөліп салды. Олар қалай бөлген?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

4. Ұзындығы 8 м жіпті 7 жерден кесіп, бірнеше бөлікке бөлді.

Сонда әр бөлігінің ұзындығы қанша болғаны?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

5. Төрт бұрышты үстелдің бетінің әр бұрышын кесіп тастады.

Үстелдің бетінде неше бұрыш пайда болды?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

6. Жиһангер 5 күнде 45 км жол жүрді. Бірақ әр күні алдыңғы күнгісінен 4 км аз жол жүрді. Жиһангер ең соңғы күні неше км жол жүрген?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

7. 5 жұмысшы 5 сағаттың ішінде 5 м тереңдікте жер қазған. 100 сағатта 100 м тереңдікте қазу үшін, неше жұмысшы қажет?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

8. Арқанды 6 қиғанда неше бөлік болады?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

9. Арғын ауылда бір апта 4 күн болды. Арғын ауылда неше күн болды?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

10. 1 кг қағаз қалдықтарынан 25 дәптер жасап шығаруға болады. 1 центнер қағаз қалдығынан неше дәптер жасап шығаруға болады?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

11. Ұзындықтары 4 дм және 28 см болатын екі таяқшадан ұзындықтары 14 см болатын таяқшалардың ең көп нешеуін кесіп алуға болады?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

12. 30 см болатын кесіндінің ұзындығы неге тең?

Жауабы: А) 3 мм Б) 3 м В) 3 дм

Дәлелдеме:

13. Шаршының периметрі 12 см тең. Шаршының қабырғасы неше сантиметр:

Жауабы: А) 6 см Б) 3 см В) 24 см

Дәлелдеме:.....

14. Үш шаршының біреуінің қабырғасы 6 м, ал қалған екеуінің қабырғалары 3 метрден. Осы шаршылардың тік бұрышты төртбұрыш жасауға бола ма?

Жауабы:.....

Дәлелде:.....

15. Сызықтың ұзындығы 2 дм. Сызықтан 1 см қалуы үшін одан неше сантиметр кесіп алу керек?

Жауабы: А) 1 В) 3 С) 19

Дәлелдеме:

«Математикалық олимпиаданың» тапсырмалары

1. Әрбір екі қорапшада 10 конфеттен салынған. Мәдина бірінші қораптан бірнеше конфет алып жеді. Мұны көрген Дариға екінші қораптан бірінші қорапта қанша қалса, сонша конфетті жеп қойды. Енді екі қораптағы барлық қалған конфеттердің саны қанша болмақ?

Жауабы:

Дәлелдеме:.....

2. Қандай бір таңбалы санды 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сандарына көбейткенде тек бір цифрларынан тұратын жаңа сан шығады?

Жауабы:.....

Дәлелдеме:.....

3. Екі таңбалы сандардың айырмасы екі ондыққа тең. Ал азайғыш айырмадан 4 есе үлкен. Ол қандай сан?

Жауабы :.....

Дәлелдеме:.....

4. Әділ командасында тізім бойынша алдынан санағанда да 25-ші және артынан санағанда да 25-інші болса, тізімде қанша адам болғаны?

Дәлелдеме:.....

5. 24 кг шегені қол таразы арқылы қалай 15 кг және 9 кг болатындай етіп, екі бөлікке бөлуге болады?

Жауабы :.....

Дәлелдеме:.....

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кіші жастағы оқушылардың шығармашылық, логикалық қабілеттерін дамыту. 1998 ж.
2. Сборник заданий по математике. И.И.Аргинская 2007 год. РФ г. Самара.
3. Бастауыш мектептегі тексеру, бақылау, логикалық тапсырмалар З.С.Оспанова. 2010 жыл. Астана.
4. Олимпиадные задания в начальной школе. Н.Н.Бойко. 2008 год, Москва.
5. Задачи для детей от 5 до 15 лет. В.И.Арнольд. 2011 год, Москва.
6. Олимпиадные задания в 1-2 классах. Н.Н.Бойко. 2010 год, Москва.
7. Задачи 1 Республиканского математического турнира младших школьников «Бастау». 2008 год. Астана.
8. Бастауыш сынып оқушыларына математикадан қызықты есептер жинағы З.С.Оспанова. 2009 жыл, Астана.
9. Ұстаздық шығармашылық. Б.Тұрғынбаева. 2007 жыл, Алматы
10. «Қазақтың қара есептері» Ә.С.Сәрсекеев. 2003 жыл, Астана.
11. «Сказки и подсказки» задачи для математического кружка. Е.Г.Козлова. 2004 год, Москва.
12. «Тапқыр болсаң, тауып көр!» Оспанова З.С. 2008 жыл, Астана.

МАЗМҰНЫ

Түсінік хат.....	5
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.....	9
Логикалық есептер жинағы.....	11
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	53

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «ИННОВАЦИЯ»**



Электронды почта: qazinnovation@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**



Электронды почта: **innovation.kz@bk.ru**